

**«Дарынды балаларға арналған жазғы шығармашылық мектеп»
мәдени-білім беру жобасы
Астрахань қ. (Ресей Федерациясы)**

«Дарынды балаларға арналған жазғы шығармашылық мектеп» (бұдан әрі - Мектеп) атты мәдени-білім беру жобасына қатысу үшін Астрахань облысының Приволжский ауданының «Астраханские зори» қазақстандық балалар сауықтандыру лагеріне балалар тобы 2013 жылғы 4-13 тамызда жіберілді.

Жас дарындардың шығармашылық мектепте тек белсенді демалып, сауықтандырылып, қосымша білім және Ресейдің үздік педагогтарынан, мәдениет және өнер жоғары оқу орындарының ғалымдарынан, еңбегі сіңген әртістерінен, мәдениет және өнер саласындағы атақты қайраткерлерден тәжірибе алуына, сонымен қатар мектеп жұмысына қатысып, шығармашылық қатынас орнатып, кәсіби білімдері мен сахналық тәжірибе арттыруларына мүмкіндік берілді.

Қазақстан Республикасын 2013 жылғы тамызда таныстырғандар:

1) Әділжанқызы Асылжан – Атырау қаласындағы № 6 орта мектеп білім алушысы;

2) Бейсенбаева Аида – Атырау қаласындағы № 34 орта мектеп білім алушысы;

3) Имамутдинова Лилия – Атырау қаласындағы № 12 орта мектеп білім алушысы;

4) Коба Анна – Орал қаласындағы № 17 орта мектеп білім алушысы;

5) Нығметов Руслан Мирболатұлы – Атырау қаласының мектептен тыс жұмыс орталығының педагогы, балалар тобының жетекшісі.

Жобаның негізгі міндеттері:

➤ жазғы демалыс кезінде оқушылардың оқу үдерісін және демалуын қамсыздандыру;

➤ көркем-өнерлі дарынды балаларды анықтау және қолдау;

➤ оқытушылардың педагогикалық тәжірибе алмасуы;

➤ көркемөнер-әртістік жағымды орта қалыптастыру;

➤ балалар мен жасөспірімдерді концерттік қызмет және шығармашылық үдеріске тарту;

➤ дарынды балалардың денсаулығын ұйымдастыру және нығайту;

➤ мемлекеттің мәдениеттік басымдығын сақтау және дамыту.

Мектептегі оқу келесі мамандықтар бойынша өткізілді:

«Фортепиано»

«Шекті ысқылы аспаптар»

«Үрлемелі аспаптар»

«Халық аспаптары»

«Көркем сурет»

«Сәндік-қолданбалы өнер»

«Хореографиялық өнер».

Сабақтар сәйкес бейіндері бойынша өткізіліп, өнер және мәдениет қайраткерлерінің, музыканттар мен суретшілердің шеберлік сыныптары, ашық сабақтары жүргізіліп, педагогтар тәжірибе алмасты.